Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
«№28 Абылай хан ЖОББМ» КММ

# Директор жанындағы кеңес хаттамалары

2023-2024 оқу жылы басталды
______________аяқталды

Scanner App Lite

"№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" коммунал[illegible] мемлекеттік мекемесі
Директор жанындағы кеңес хаттамасы

Хаттамасы №1

"№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ 08.09.2023ж директор жанындағы кеңес болып өтті:
Қатысқан педагогтар саны - 70

Күн тәртібінде:

1. "ҰБТ-2024" оқушыларды дайындау, қосымша сабақтарды ұйымдастыру туралы
/ DOIЖО Г. Сатылбекова /
2. Оқушылардың және іс-құжаттары мен "Bilimland" электронды журналын жүргізу туралы
/ DOIЖО Н. Даланбаева /
3. Өз білімін көтеру - педагогтың кәсіби шеберлігін көтерудің бір жолы.
/ DOIЖО Г. Сатылбекова /

Тыңдалды:
Алғашқы сөзді "№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі" КММ директоры Ж. Еспенбетов сөз сөйлеп, күн тәртібінде қаралатын мәселелер мазмұнымен таныстырды. "ҰБТ-2024" оқушыларды дайындау, қосымша сабақтарды ұйымдастыру туралы ерекше тоқталып өтті

Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Сатымбекова сөз сөйлеп, 11 сынып оқушыларының "ҰБТ-2023" оқу жылындағы көрсеткіші және "ҰБТ-2024" оқушылардың дайындығы туралы айтты.

11 сынып оқушыларының "ҰБТ-2023" оқу жылындағы көрсеткіші (1 мүмкіндік).

| р/с | сынып | барлық оқушы | қатысқаны | орта балл | оқу сауаттылығы | матем сауаттылығы | Қазақстан тарихы | физика | химия | биология | матем | информатика | орыс тілі | орыс әдебиеті | Д. тарих | құқық | қазақ тілі | қазақ әдебиеті | ағылшын | география |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 11 | 60 | 46 | 70 | 11 | 8,5 | 12 | 15 | 16 | 21 | 18 | 17 | 22 | 27 | 20,5 | 20 | 20 | 18 | 21 | 19 |

11 сынып оқушыларының "ҰБТ-2023" оқу жылындағы көрсеткіші (2 мүмкіндік)

| р/с | сынып | Барлық оқушы | Орта балл | Оқу сауаттылығы | Қатысқаны | Матем сауаттылығы | Қазақстан тарихы | Физика | Химия | Биология | Матем | Информатика | Орыс тілі | Орыс әдебиеті | Д. тарих | Құқық | Қазақ тілі | Қазақ әдебиеті | ағылшын | география |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 11 | 60 | 75 | 13 | 46 | 8 | 12 | 17 | 16 | 23 | 15,5 | 23 | 27 | 33 | 20 | 20 | 19 | 22 | 23 | 18 |

Өткен оқу жылының көрсеткіші бойынша төмен көрсеткен физика және химия пәні болды. Мектеп директоры Ж. Еспенбетов пән мұғалімдері Б. Аманқұловадан химия пәнінің неге төмен болғанын сұрады.

Химия пәні мұғалімі Б. Аманқұлова сөзге шығып, оқушылардың есеп шығаруға қиналатынын, биология пәнін таңдағанын, ал пәннің екінші бейін пәні химия екенін айтты.

Мектеп директоры Ж. Еспенбетов сөзге шығып, химия және физика пәндері бойынша " " сыныптармен қосымша іс-шаралар жүргізу туралы тапсырма берді.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Сатыбекова сөзге шығып, 2023-2024 оқу жылында бітіруші 11 сынып оқушылары мемлекеттік емтихан тапсырумен қатар ҰБТ сынағын тапсырып оқуға түсу үшін конкурсқа қатыса алады. Дайындық барысында 2 рет байқау сынағын алдық, оның №1 юстади базасына барып тапсырдық және онлайн түрде тапсырғанын, орта балл 72 екенін айтты, ал ең жоғары балл – 90 / Елібай А. /

Жарыссөзге математика пәні мұғалімі С. Айбатыров сөзге шығып, оқу жылының басы екенін, дайындық жұмыстарын күшейту, қосымша сабақтар өткізу туралы ұсыныс айтты.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Доланбаева сөзге шығып, Bilimland электронды журналын жүргізу туралы сөйледі.

Bilimland электронды журналын толтыруда әдістемелік кабинет нұсқаулықпен таныстырды. Сол нұсқаулықпен

толтыру барысында электронды журнал қатаң құжатқа кіретіні, уақытылы толтыруы және формативті бағалауды дұрыс жүргізумен БЖБ және ТЖБ уақытылы алып, баласын қою қатаң ескертілді.

Online Mektep оқу бағдарламасын жан-жақты түсіндіру және оқу мақсаттарына жету, оқушылардың жеке оқу траекториясын жобалауға арналған аналитикалық мәліметтер жинақтау сияқты мақсаттар үшін қолдануға болатын мұғалім жұмысындағы маңызды құралдардың бірі.

Жылдан жылға емес, күннен күнге дамып жатқан озық технологиядан озу үшін адамзаттың өзі қалай даму керек? Қазір "көз көрмей, құлақ естімегеннің" емес, "айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызған, тастан сарай салғызатындардың" заманы. Елбасының "Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелестік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт XXI ғасырда лайықты қасиеттерге ие болуы керек" деген сөзін басты назарға алып, елімізде "Цифрлы Қазақстан" жобасы қолға алынды. Осы "Цифрлы Қазақстан" жобасының аясында еліміздің барлық мектептерінде Bilimland бағдарламасы іске қосылды.

Себебі, қазір 21 ғасырда байланысты ата-аналардың көбінесе жұмыстан қолы тимей жатады. Мектепке баруға бос уақыты болмайды. Яғни, оқушының үлгерімін, бір аптада өзгертеді деп ойлаймын. Ата-ана бұл сайтта баласының тәрбиесін, оқу үлгерімін, мұғалімдердің оқушыға жазған ескертулерін көре алады.

Scanner App Lite

Бұл сайттың басты мақсаты ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Бүгінгі таңда Bilimal сайтын мұғалімдер жақсы меңгерді, күнделікті ҚБ қою, КТЖ және үй жұмысын уақытылы толтыру мұғалімдердің міндеттері екендігін ескертіп өтті.

Жарыссөзге қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі М. Бөрібекова сөзге шығып, қатаң құжатты уақытылы толтыру керек екенін айтты.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г. Сатылбекова сөзге шығып, өз білімін көтеру – педагогтың кәсіби шеберлігін көтерудің бір жолы мұғалімдер үшін іздену екендігін айтты.

"Адамнан алатын тәрбие өз мақсатына жетті, адам соншалықты жетілгенде ерікі мен күші арқылы өзінің білімін келешекте жетілдірудің жолы мен тәсілдерін, және өзі жүзеге асыра алады..."

К. Ушинский "Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, іздегенді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады" деген А. Дистервег.

Мектепте оқу мен тәрбие сапасын жетілдіру – тікелей мұғалімнің даярлық деңгейіне байланысты және білім жетілдіру курстарының мерзімі аяқталса курсқа жазылу керек. Әр 3 жыл сайын білім жетілдіру курсына бару міндет. Бұл деңгей үнемі өсіп отыруы керек. Ол – білім жетілдіру курстары, семинар, конференция, өзіндік білімін жетілдіру жоспары.

Өзіндік білімді көтеру, бұл кез-келген кәсіпте жұмыс

Scanner App Lite

істейтін адамның шығармашылық, жауапкершілігі, адамның қажеттілігі. Қоғам алдында моральдық жауапкершілігі жоғары мұғалімдерге әсіресе, ерекше қажет.

Педагогикалық сөздікте - бағытталған танымдық қызмет, жеке тұлғаның меңгеруі, белгілі бір ғылым бойынша білімнің бағыт, қызушылық, өзіндік білімді меңгеруі делінген. Педагогикалық қызметтегі қажетті шарттардың бірі. Қоғам әрқашан да мұғалімге жоғары талап қойды. Біреуді үйрету үшін, өзің де одан да көп білуің керек. Жаңа тұрпатта мұғалім тек өз пәнін білумен ғана шектелмейді, әдістемені, жалпы ғылымдарды, қоғам өмірін, саясатты, экономиканы білуі керек. Себебі оның алдындағы оқушылар өзгереді, уақыт өзгереді, оқушының қоғам, қоршаған орта туралы көзқарастары тереңдейді.

I Педагогтың өзіндік білімін көтеруіне қажеттілікті тудыратын мотивтер:

- Күнделікті ақпаратпен жұмыс;
- Шығармашылық талпыныс;
- Қазіргі заманғы ғылымның дамуы (педагогика, психология);
- Қоғам өміріндегі өзгерістер;
- Бәсекелестік;
- Материалдық стимул;
- Қызығушылық;
- Мұғалімнің өзіндік білімін көтеруінің бағыттары:
- Әдебиеттер (әдістемелік, ғылыми, публикациялық, көркем);
- Интернет;
- Видео, аудио т.б;

Білім жетілдіру курстары
Семинарлар мен конференциялар
Формалары:
- жеке
- топтық
Жүзеге асыру процестері:
- Жаңа педагогикалық технологияларды оқып-үйрену, енгізу;
- Әріптестерінің сабағына қатысу және тәжірибе алмасу;
- Кәсіби қызметіне өзіндік анализ жасап отыру;
- Қазіргі педагогика және психология саласында өз білімін жетілдіріп отыру;
- Қазіргі экономикалық, саяси, мәдени жағдайларға қызығушылық таныту;
- Құқықтық және жалпы мәдениетін, өзінің эрудициялық деңгейін жетілдіру
Нәтижеге жету жолдары:
- Педагогтың өзінің білімін көтеруге, дамуға деген қажеттілігі
- Өзінің тәжірибесіне өзіндік анализ жасау ерекшелігі;
- Рефлексия жасай алу шеберлігі;
- Зерттеушілік қабілеті;
- Шығармашылыққа деген ұмтылысы.
- Жеке басы мен және кәсіби қызметінің өсуіне деген құлшынысы болса, онда, мұғалімнің кәсіби өсу деңгейі жоғарылайды
Өзіндік білім көтеруді ұйымдастыру
- тақырыпты таңдау;
- жеке өзіндік білімін көтеру жоспарын жасау;
- бақылау (әкімшілік, әб жетекшісі).
- анализ жасап отыру.

Scanner App Lite

- тәжірибесін тарату, есеп беру.
- марапаттау

Нәтижелер:

- дарынды балалармен жұмысын жүйелеу;
- ӘБ жетекшілері анализ жасап отыру;
- ОТТ тарату.

Жоспардың жасалуы;

- тақырыбы; (тақырыппен 5 жылдай жұмыс істейді)
- мақсаты:
- міндеттері;
- күтілетін нәтиже;
- жұмыстың кезеңдері:

1. Теориялық бөлім
- әдістемелік әдебиеттерді оқып-үйрену - 1 жыл

2. Практикалық бөлімі
- сабақта қолдану, ашық сабақтары, педкеңесте оқыған баяндамалары;

3 Ақпараттарды жинақтау және өңдеу

Ақпараттық - коммуникативтік технология

- Электрондық оқулықтар жасау;
- тест материалын электронды түрде қолдану;
- дидактикалық материалдарды дайындау; (жеке, практикалық, бақылау)
- таратпа материалдарды жасау; (тапсырмалар, үлестірме сұрақтар)
- терминологиялық сөздіктер жасау; (тақырып, тарау)
- тақырыптық сынып сағаттарын, ата-аналар жиналысын

жинақтау; (іскерлік ойындар, конкурстар, көріністер)

- олимпиада материалының пакетін жасау;
- үйірме жұмыстарының жобасын жасау;
- дайын сабақ үлгілерін жазу;

Жарыссөзге бастауыш сынып мұғалімі А. Асқарова шығы[п] мұғалімдер сабақ барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолда[нып] отыр, сонымен қатар білім жетілдіру курстарына барып, мұғалімнің білімін жетілдіру маңызды екенін айтып өт[ті].

Қаулы:

1. Директордың №414 бұйрығына сәйкес "ҰБТ-2024" дайындық бойынша жұмыс жандандырылсын.
2. Bilimland электронды журналы талапқа сай толтырылсын.
3. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында өзара тәжірибе алмасу және білім жетілдіру курстарына оқуға жіберу.

Мектеп директоры: Ж. Еспенбетов

Хатшы: А. Мусабаева.

Scanner App Lite